

**«№281 НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ»КММ
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖОСПАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ ТҮСІНДІРУ
ЖҰМЫСТАРЫНА
А Н Ы Қ Т А М А**

Мектебімізде 11.-қыркүйек күні “мектептің ішкі тәртіп ережесін, құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы аясында 5-9 сынып оқушылары арасында “Толық адам ілімі” тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



**Балалар кітапханасы жобасы аясында:
«Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр»**

2023 жылдың 18 қыркүйек күні «Ізгілікке қалам тартқан...жас ғұмыр» атты сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырылды.

Мақсаты: Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр тақырыбындағы іс-шарамыздың мақсаты оқушыларды ізгілікке, жақсылыққа үндеу. Оқушыларымыздың ой-өрісін, қабілеттері мен қасиеттерін шыңдау және кітап оқу арқылы мол жетістікке жетуге болатынын түсіндіру.

«Ізгілікке қалам тартқан...жас ғұмыр» тақырыбындағы іс-шарамызды бастаймыз. Ізгілік, жақсылық деген атауларды естісек адамның бойы жылып, мейірленіп, күлімсірейді. Жақсы сөз-жарыс ырыс деген иә, бойында жүрегінде ізгілікті бар адамның жүзі жылы, жарқын сөзі тартымды келеді иә. Адамзат баласы айналасынан, оқыған, көрген дүниелерінен нәр алып жүрек сол нәрға толады. Ол жақсы, ізгі амалдар болса әрине адамдар игі істерді ойлайды, оны іске асырады. Мысал келтіретін болса бізге әссе, шығарма жазу керек болса біз ойымыздағы дүниені жазамыз, ал ол қайдан келеді? Жүректен келеді! Сондықтанда әр уақытта ізгілікке ұмтылу керек. Енді айтындаршы жақсылыққа, ізгілікке байланысты қандай нақыл

сөздер, мақал-мәтелдер білесіңдер? . Қойылған сұраққа оқушылар ұтымды көңіл толарлықтай жауап берді. Оқушылар бір-біріне кітаптар арасынан ізгілік амалдарының үзінділерін оқып берді. Жақсы сөз айтудан өзара жарысты.



**Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жылдығына орай: «Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі»
сынып сағаттарына анықтама**

18.09.2023 күні 5-8 сыныптарының сынып жетекшілері «Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» атты Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толуына орай сынып сағатын ұйымдастырып өткізді.

Мақсаты Қ.А.Ясауидің ілімі ұсынылатын ізгілікті ойлар туралы білім беру арқылы оқушылардың Қ.А.Ясауи еңбегіндегі дүниетанымдық философиялық тағылымдарын саралауына бағыт беру, ойшылдар еңбегін оқып-үйрену мен олардың мұраларына құрмет сезімдерін қалыптастыру және адамгершілікке тәрбиелеу болды. Оқушылар слайдтар арқылы Ясауидің өмірі және еңбектерімен танысып, алғын білімдерін блиц-турнир, сұрақ-жауап жұмысы арқылы пысықтады. Тарихи жазбаларға көз жүгірте отырып, оқушылар тарихтан да білімдерін нығайта түсті. Нәтижесінде оқушылар Ясауидің еңбектерін тереңірек оқып білуге талпыныс білдірісті.



**Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан
Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай ұйымдастырлған сынып сағаттарына анықтама**

28 қыркүйек қазақ қаламгерлері Мұхтар Әуезов, Шерхан Мұртаза мен Оралхан Бөкейдің туған күні. Бұл 3 арыстың артында ұлтымыздың ырысы, халқымыздың құтты қазынасы деуге лайық мол мұрасы, асыл сөздері қалды.

Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі – Оралхан Бөкей 1943 жылы 28 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданына қарасты Шыңғыстай ауылында дүниеге келген.

Жазушы, драматург, публицист, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының, Н.Островский атындағы бүкілодақтық әдеби сыйлықтың, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Оралхан Бөкейдің 80 жылдық мерейтойына орай 28 қыркүйек күні 5-8 сынып оқушылардың сынып жетекшілері сынып сағатын ұйымдастырды. Орны бөлек, заңғар жазушы жайлы біз білмейтін қырларынан тарих пәні мұғалімдері сыр шертті. Оқушылар сүбелі сұхбаттан өздеріне ғибрат алды деген үміттеміз.

Оралхан Бөкей Қазақтың көрнекті қаламгері, сырлы сөздің сардары. Оралхан Бөкей - қамшының қысқа сабындай ғана ғұмырында асқаралы биікке өзін де, елін де, туған әдебиетін де шығарып үлгерген жазушы.

"Әкем айтқан нақыл сөз" тақырыпта өткізілген сынып сағаттарына анықтама

Мектебімізде 1-9 сынып оқушыларына **"Әкем айтқан нақыл сөз"** атты тақырыпта сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Отбасының ұйтқысы, негізгі тірегі әке екенін түсіндіре отырып, әкеге деген құрмет пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Міндеттері:


1. Қыз бала мен әке арасындағы тығыз әрі ыстық байланысты ұғындыру.
2. Отбасындағы әке орнын, рөлін көрсете отырып, халықтық тәрбие негіздеріне тоқталу.
3. Үлкендерді сыйлауға, әкені пір тұтуға, адамгершілікке, әке мен ер азамат ұғымының мәнін түсінуге тәрбиелеу.

Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу» анықтама

Мектебімізде 2023 жылдың 17 қазаны 8 сыныбы «Дұрыс тамақтану– денсаулық кепілі» тақырыбында үгіт насихат жүргізді. 1-9 сыныптарда «Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың өз пікірлерін тыңдай отырып, қосымша мәліметтер бере отырып, денсаулық құндылығы, дұрыс тамақтану туралы түсініктерін кеңейту. Денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Денсаулықты күтуге, дұрыс тамақтана білуге үйрету.

Адамзат денсаулығын сақтаудың басты шарты – дұрыс тамақтану. Сондықтан тамақтануға ерекше көңіл бөлген жөн. Тамақ құрамының құндылығы басты назарда болғаны дұрыс. Тиімді, дұрыс тамақтану денсаулықты сақтауға, ағзаның қалыпты өсуі мен дамуына, жұмыс қабілетінің жоғарылауына және ағзаның қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз әсеріне қарсылығын күшейтуге ықпалын тигізеді.



Қауіпсіз балалық шақ тақырыбында өтілген сынып сағатының

АНЫҚТАМАСЫ

"Қауіпсіз мектеп ортасы" акциясының жоспары құрылып, іс шаралар жүргізілді. Оқушыларға жолда жүру, су, өрт, электр құрылғылармен жұмыс істеу қауіпсіздіктерінің ережелерін түсіндіру мақсатында лексиде өткізілді. Сонымен қатар бөгде адамдармен қарым қатынас ережелері, кибербуллингтен сақтанудың жолдары туралы ескертілді. 16.10 күні

1-9 сынып оқушыларының қатысуымен " Қауіпсіз балалық шақ " тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды.



Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша «Құқық барда-Отан бар» тақырыбындағы айлық жұмыс жоспарына

Мақсаты: Жаңа Қазақстанда өмір сүруге қабілетті азамат және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және қылмысқа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, олардың ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру

09.10 Күні құқық пәнінің мұғалімі 7-9- сынып оқушылары мен«Сен өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында диалогтық алаңын өткізді.

10.10 күні ДТІЖО А.Қ.Сембиева және педагог- психологі бірлесе отырып 7-9 Сыныптарынан «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында жасырын сауалнама алды 10.10 күні педагог ұйымдаструшы Ж.Ағымова «Адам және оның құқықтары» тақырыбында 7-9 сынып оқушыларымен челлендж ұйымдастырды.

12.10 күні 6-9 сыныптарынан мектептегі әлімжетіктің алдын алу бойынша ДТІЖО А.Қ.Сембиева жасырын сауалнама алды.

16.10 күні 1-6 сыныптардың сынып жетекшілері «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында 7-9 сыныптардың сынып жетекшілері «Қылмыс және отбасы» тақырыбында сынып сағатын өткізді

25.10 күні 1-9 сыныптарымен педагог- психолог ж.Қонысбаев, Мектеп метбауыры. Қ.Садық, Құқық қорғау органдары, Мед қызметкерлері, психолог тарапынан бала қауіпсіздігін алдын алу жұмыстарын жүргізді

03-30 күндір арасында мектеп кітапханашы Э.Жұмашева «Қазақстан және заң» тақырыбында бұрыш ұйымдастырды. Әлеуметік желіге жариялау,



Қарттар күніне орай: «Қарттарым-асыл қазынам» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру бойынша

- 1- қазан қарттар күніне орай ұйымдастырылған іс-шаралар аясында 8-9 сынып оқушылары арасында "Қарттарым асыл қазынам" тақырыбында акция ұйымдастырылды. Акцияға мектеп оқушылары белсене қатысып көмекшісі жоқ отбасылардағы қарияларымызға көмектесіп қайтты. Оқушыларға разы болған қариялар рахметтерін айтып, алғыстарын білдірді. 8-9 сынып жетекшілері «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» тақырыбында әдепсабағын, сынып жетекшілері «Қарттарым — асыл қазынам» дөңгелек үстел өтті



Мұғалімдер күніне орай: «Ұстаз! Сіздің алдыңызда...!» мерекелік кешіне

5- қазан ұстаздар күні мерекесіне орай ДТЖО, педагог ұйымдастырушы және мектеп белсенділерінің ұйымдастыруымен ұстаздарға арналып "«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» тақырыбында мерекелік кеш ұйымдастырылды. Кеште оқушы жастар ұстаздарға арнап өлең жолдарын оқып,би билеп, Мектеп директоры оқушыларға рахмет айтып, ұстаздарды төл мерекесімен Ұстаздар күні мерекесіне орай "Дублер күні" өткізілді. МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТ мүшелерінің ұйымдастыруымен ДУБЛЕР күнінде, 7-9 сынып БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ сабақ өткізу арқылы мұғалім болудың қиын да қызықты кезеңдерін сезіне білді. құттықтады.





Еңбегі адал жас өрен жобасы аясында:

Ұлы дала перзентімін тақырыбындағы сынып сағаттарына анықтама.

09.10.2023 күні 1-9 сыныптары Еңбегі адал жас өрен жобасы аясында:

Ұлы дала перзентімін атты тәрбие сағаты – өткізді

Мақсаты: Жас ұрпаққа қазақ халқының тарихында өшпестей орын алған қазақ зиялылары туралы мағлұматтар беру, олардың есімдерін қастерлеп, құрметтеуге, Отаншылдық сезімге, елжандылыққа тәрбиелеу.

Тәрбие сағатында тақтаға Қазақтың ұлы тұлғаларының портреттері, нақыл сөздері ілініп, қазақ халқымыз үшін сіңірген еңбегі баяндалды. Сынып оқушылары қазақтың бес арысы, үш бәйтерегі туралы, қазақ халқының көкірегі ояу, көзі ашық болуын қалап, жан қиярлық тер төккен, жазықсыз қамауға алынып, репрессияға ұшыраған ұлы тұлғалар туралы танып, білді.



Туберклез ауруының алдын алу туралы іс – шаралары туралы

Мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттай отырып, табиғаттың адам баласына сыйлаған басты байлығы денсаулықты сақтаудың маңызын түсіндіріп, оқушыларды жұқпалы аурулардың алдын алу, денсаулықтың қадірін түсініп, сақтай білуге тәрбиелеу

30.09.2023 күні «Жұқпалы ауру кіші дерт» тақырыбында қазақ тілімен әдебиетінің ұстаздары Ж.Қоғамбекова, 5-8 сыныптар арасында шығарма алынды, «Тазалық денсаулық кепілі» қазақ тілімен әдебиетінің ұстаздары А.Сембиева 7-9 сыныптар арасында диктант алды.

«Салауаттылық – денсаулық кепілі» 1-5 сыныптар арасында педагог ұйымдастырушы Ж.Ағымова сурет көрмесін ұйымдастырды.

04.10.2023 Күні 8-9 сыныптар арасында «Жұқпалы туберклез ауруының алдын алу жолдары» 5-8 сыныптар арасында «Дені саудың жаны сау» 1-4 сыныптар мен «Өз-өзіңді күте біл» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

17.10.2023 күні туберклезбен ауыратын оқушыларды анықтау мақсатында мектеп мейірбауыры Садық Қуаныш және сынып жетекшілермен бірлесе отырып оқушылардың жеке бас тазалығына сонымен қатар денсаулық кітапшаларына бақылау жасау жұмыстары жүргізілді нәтижесінде оқушылар арасында жұқпалы туберклез ауру түрімен ауыратын оқушылар анықталмады

Мектеп оқушылары арасында жұқпалы туберклез аурулардың таралуын алдын алу мақсатында пән кабинеттеріне күнделікті және жетісіне бір түбегейлі тазалық жұмыстары жүргізілді



«Әкем айтқан нақыл сөз...» «Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл- күй, күйзеліске түспеу» сыныптан тыс іс-шаралардың анықтама

17.10 күні 1-9 сынып оқушыларына "Әкем айтқан нақыл сөз" атты тақырыпта сынып сағаты өтті. Мақсаты: Отбасының ұйтқысы, негізгі тірегі әке екенін түсіндіре отырып, әкеге деген құрмет пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Қыз бала мен әке арасындағы тығыз әрі ыстық байланысты ұғындыру.
- 2.Отбасындағы әке орнын, рөлін көрсете отырып, халықтық тәрбие негіздеріне тоқталу.
3. Үлкендерді сыйлауға, әкені пір тұтуға, адамгершілікке, әке мен ер азамат ұғымының мәнін түсінуге тәрбиелеу.

8 сыныбы «Дұрыс тамақтану– денсаулық кепілі» тақырыбында үгіт насихат жүргізді. 1-9 сыныптарда «Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың өз пікірлерін тыңдай отырып, қосымша мәліметтер бере отырып, денсаулық құндылығы, дұрыс тамақтану туралы түсініктерін кеңейту. Денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Денсаулықты күтуге, дұрыс тамақтана білуге үйрету.

Біртұтас тәрбие жоспары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды мектеп партасында қалыптастыру бағытында адалдық сағаттары өткізілді. 5-8сынып “Біз адал ұрпақпыз”7-9 сынып «Біз жемқорлыққа қарсымыз» тақырыптарында адалдық сабақтары өткізілді.

Біртұтас тәрбие жоспары аясында тоғыз айға тоғыз іс шара жобасы бойынша спорттық сергіту сәті челенджі педагог ұйымдастырушы Ағымова Жаннұр ұйымдастыруымен өтті.

"Төрт тоқсанға төрт іс -шара" аясында «Салауат» пән бірлестігінің ұйымдастыруымен ұлттық ойындары өткізілді.Оқушылар арасында эстафеталық ойындардан жарыстар ұйымдастырылды.



«Әкем айтқан нақыл сөз...»

«Әкем айтқан нақыл сөз...

«Қауіпсіз балалық шақ» «Қылмыс және отбасы» сынып сағаттарына анықтама

16.10 күні 7-9 сыныптар арасында «Қылмыс және отбасы» тақырыбында сынып сағаттары өтілді. Сынып жетекшілер «Жас өспірімдер арасындағы құқық бұзушылық» тақырыбында әңгіме жүргізді. «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыптарында 1-6 сыныптар арасында сынып сағаттары өтілді, сынып сағаттарында сынып жетекшілер оқушыларға «Балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігі не қалай қамтамасыз етеміз?» «Қауіпсіз интернет», «Интернет менің өмірімде» тақырыптарында сөз қозғап, презентация, слайдтар арқылы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Қазақ жазушысы, редакторы, Ұлы Отан соғысының қатысушысы Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл толуына орай өтілген танымдық кештің анықтама

20.10 күні 4-9 сыныптар арасында Журналист, жазушы, қазақ әдебиетіне шытырман оқиғалы детектив жанрын алып келген қарымды қаламгер Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл толуына орай сынып сағаттары өтілді. 9 сынып оқушыларымен "Жаңа жанр қалыптастырған қаламгер" атты танымдық кеш өткізілді.

Шытырман хикаялы проза жанрында қалам тартқан жазушылардың арасынан шоқтығы биік тұлғалардың бірі Кемел Тоқаев. Рухани асыл қазынамызға қосқан оның да мол үлесі бар. Өнегелі өмір жолы, еңбекқорлығы мен адами қасиеттері жас ұрпаққа үлгі болуға лайық. Ал оның туындылары әдебиет тарихындағы асыл қазына, өшпес мұра болмақ.\



Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына орай өтілген мәнерлеп оқу мен челлендж ұйымдастыру жұмыстарына анықтама

24.10 күні ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына орай 10-11 сыныптар арасында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаттарында

Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңін оқылды. Педагог ұйымдастырушы Ж.Ағымова 10 сынып оқушылары арасында Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдерінен челлендж ұйымдастырды. 8-9 сыныптың сынып жетекшілері жастарға ұлы ғұламаның өмірінен сыр шертті. Әрі Абай салған жолды жалғастырған ақын. Оның шығамалары Кеңес Үкіметі кезінде жария етілмеді. Тек өткен ғасырдың соңына қарай ақталып, жарыққа шықты. Ақынның сүйегі 30 жыл құдыққа жатты. Бұның бәрі сол кездегі солақай саясаттың салқыны болатын деп ұстаздар ақынның шығармашылығына қатысты тың ойларымен бөлісті.

Біртұтас тәрбие жоспары негізінде «Ел тірегі» Әскерге шақырылушыларды Қарулы Күштер қатарына дайындау мақсатында «Ал, қанекей жігіттер» әскери сайысына анықтама

«Ел тірегі» Әскерге шақырылушыларды Қарулы Күштер қатарына дайындау мақсатында «Ал, қанекей жігіттер» әскери сайысы өткізілді. Сайысқа 8-9- сыныптың ұлдары қатысты

Тақырыбы: «Ел тірегі»

Мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттау, оқушыларды бір ортақ мақсатқа жұмылдыра білуге, ұйымшылдыққа баулып, спорттық қимыл – әскери жаттығулар арқылы патриоттық тәрбие беру.

Сайыс төменгідей 6 кезеңнен тұрды

1 – кезең: «Кім шапшаң ?, Кім мерген?» (қап, гимнастикалық матрацта эстафета)

2 – кезең: «Қай оқушы жылдам?» (Жалпы әскери қорғаныш толығын кию)

3 – кезең: «Ристрестлинг» (қол күрес)

4 – кезең: «Тау көтерген Толағай» (гир тасын көтеру)

5 – кезең: «Брусья спорттық жаттығу» (денені екі қол көмегімен көтеріп түсіру)

6 – кезең: «Ұлт қазынасы» (қазақтың ұлттық ойыны – арқан тартыс) қазылар алқасына сөз беріледі сайыс қортындысын шығарып марапаттайды



"Аяулы күз. Алтын күз" іс-шара жоспарының анықтамасы

Күз ханзадасы мен ханшайымы анықтау мақсатында қазан айының 26 күні бастауыш сыныптарда

1-4 5-7сыныптары және 8-9 сыныптар арасында "Аяулы күз. Алтын күз" тақырыбында күзгі бал мерекесі өткізілді. Іс- шара өз мәнінде өтті.



Қазан айының соңында күзгі демалыс күндеріне оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында іс шаралар жоспары жасалып сынып жетекшілерге таныстырылды. Сонымен қатар Біртұтас тәрбие

жоспары аясында сынып сағаттары күн сайын өткізіліп отырды. Барлық өткен іс шаралар әлеуметтік желіге жарияланып, ауданға жіберіліп отырылды.

23 қазан күні "Тоғыз айға 9 іс-шара", "25 қазан Республика күні" анықтама

23 қазан күні "Тоғыз айға 9 іс-шара", "25 қазан Республика күні" мектеп залында 1-9 сыныптар арасында МЕМЛЕКЕТТІК ГИМНДІ БІРІҢҒАЙ ОРЫНДАУ өтті. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері, өзіндік тарихы мен дәстүрі бар жас егеменді мемлекеттің бет бейнесін көрсетеді. Сондықтан әрбір адам үшін қасиетті болып саналатын елінің рәміздеріне құрметпен және ерекше ыждахаттылықпен қарауды жеткіншек ұрпақтың санасына сіңіру қажет. Мемлекеттіліктің атрибуттары: Ту, Елтаңба, Гимнді зерделеу, олардың болмысы мен маңызына түсінік беру. Тәуелсіз Қазақстанның болашақ азаматтарына тәрбие беру ісіндегі негізін қалаушы бағыттардың бірі болуы қажет.

Біз Тәуелсіздігіміздің рәміздерін көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Еліміздің әрбір азаматы Қазақстанның Туы, Елтаңбасы, Гимнін ерекше құрметтеуге міндетті. Өйткені олар біздің ең киелі құндылықтарымыз.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік гимнінің мәтіні

Сөзін жазғандар: **Жүмекен Нәжімеденов,**

Нұрсұлтан Назарбаев

Алтын күн аспаны,

Алтын дән даласы,

Ерліктің дастаны,

Еліме қарашы!

Ежелден ер деген,

Даңқымыз шықты ғой.

Намысын бермеген,

Қазағым мықты ғой.

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,

Гүлің болып егілемін,

Жырың болып төгілемін, елім!

Туған жерім менің - Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,

Кең байтақ жерім бар.

Бірлігі жарасқан,

Тәуелсіз елім бар.

Қарсы алған уақытты,

Мәңгілік досындай.

Біздің ел бақытты,

Біздің ел осындай!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,

Гүлің болып егілемін,

Жырың болып төгілемін, елім!

Туған жерім менің - Қазақстаным!

